



7 мамыр-Отан қорғаушылар күні Ерлік ешқашан ұмытылмайды!

Құттықтау!

Ерлердің қаһармандығы ел есінде

Құрметті жерлестер! Ардақты ағайын!

Сіздерді 7 мамыр-Отан қорғаушылар күнімен және 9 мамыр - Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Еліміздің айбыны, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылғанына биыл-30 жыл толып отыр. 1992 жылғы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды. Бұл күнді қазақстандықтар Отан қорғаушы күні ретінде атап өтеді. Осы отыз жыл аралығында еліміздің қарулы күштері барлық жағынан күшейіп, материалдық-техникалық тұрғыдан нығайып, қуатты армияға айналды. Әскеріміз тұрақты түрде оқу жаттығу шараларын өткізіп, түрлі қауіп-қатерге әзірлігін нығайтып отырады. Сондықтан да біз армиямыздың қорғаныс қабілетіне зор сенім білдіре аламыз.

9 мамыр бұл-адамзат тарихындағы ең ауыр соғыс. Жеңіс жолында көзсіз ерлік жасаған халықтың ұрпағы екенімізді мақтан етеміз. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Адамзат тарихында теңдессіз ерлік жасаған әкелеріміз бен аналарымыздың қажымас қайсарлығы, ерен еңбегі және көзсіз қаһармандығы халқымыздың жадында мәңгі сақталады», - деп бағасын берген болатын.

Осындай мерекеде барлық бастамалар оңынан болып, еліміздің еңсесі биік, мерейі үстем болсын!

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бейбіт өмір, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!

М.ТҰРЫСБЕКОВ,
Аудан әкімі,
Б.БАЙҒАРАЕВ,
Аудандық мәслихаттың
хатшысы.



Мемлекет басшысы Түркия президентімен сөйлесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлайды Egemen.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Қазақстан мен Түркия көшбасшылары бірін-бірі Ораза айт мерекесімен құттықтады және бауырлас екі халықтың өсіп-өркендеп, жетістікке жетуіне тілектестік білдірді.

Президенттер сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мән бере отырып, қазақ-түрік стратегиялық серіктестігін дамытудың перспективаларын талқылады.

Режеп Тайип Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевтың 10-11 мамырда Түркияға жоспарлаған мемлекеттік сапары екі ел арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестікті кеңейтудің маңызды белесі болатынын айтты. Мемлекетіміздің басшысы Анкарадағы келіссөздер осындай деңгейде өтеді деген пікірмен келісті.

Қазақстан Президенті экономикалық, гуманитарлық және мәдени байланыстарды кеңейтуде Түркі мемлекеттері ұйымының рөлі зор екенін атап өтті.

Екі мемлекеттің басшылары дәстүрлі достық рәуіште әңгімелесті.

Ізгі тәменің жіткерлігімен тәндерің Ізгілікке жетіңдер

Кездесуде Мемлекет басшысына Агенттіктің қазіргі атқарып жатқан жұмыстары мен алдағы жоспары туралы баяндалды, деп хабарлайды Egemen.kz Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.

басқа да қызметтер автоматтандырылады. Сонымен қатар Дархан Жазықбаев мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жетілдіру бағысына да тоқталды.

Ведомство басшысы Агенттіктің



Дархан Жазықбаев мемлекеттік қызметке кіру үшін артық кедергілер мен тосқауылдарды алып тастау және одан шығу тәртібін жеңілдету, мемлекеттік қызметтің кез келген қазақстандыққа ашық болуына қатысты ұсыныстар берді. Сонымен қатар Президентке мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жұмыстары жөнінде айтты.

Агенттік төрағасы Президентке 2022-2023 жылдары «Е-қызмет» ақпараттық жүйесін жаңғырту туралы жоспарын ұсынды. Оның айтуынша, биыл сыртқы порталды құру арқылы «Е-қызмет» базасында мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау процесі толық цифрландырылады. Ал 2023 жылы басқа да кадрлық үдерістер, атап айтқанда, ротация, тағылымдама, біліктілікті арттыру және

2023 жылдан бастап мемлекеттік қызметке іріктеуді прокторинг технологиясын қолдану арқылы онлайн түрде өткізуді жоспарлап отырғанын жеткізді. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевтың бағынышты ұйымдарды қысқарту жөніндегі тапсырмасы бойынша «Мемлекеттік қызметтегі персоналды басқару орталығының» АҚ штаттық бірліктері мен бюджетін сақтай отырып, Мемлекеттік басқару академиясының құрамында HR-институтын құру туралы айтты.

Кездесу барысында Президент мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесін одан әрі жетілдіру, меритократия қағидатын ілгерілету және адамға бағдарланған сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыру жөнінде тапсырмалар берді.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 "Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы" Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Қаратау ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 19 мамырда сағат 11.00-де Қаратау ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 19 мамырда сағат 12.30-да Қаратау ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Қарақұр ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 19 мамырда сағат 15.00-де Қарақұр ауылдық мәдениет үйінде өтеді.



Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 19 мамырда сағат 16.30-да

Қарақұр ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Созақ ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 20 мамырда сағат 11.00-де Созақ ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 20 мамырда сағат 12.30-да Созақ ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Сызған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 20 мамырда сағат 15.00-де Сызған ауылдық клубында өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 20 мамырда сағат 16.30-да Сызған ауылдық клубында өтеді деп жоспарлануда.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ

Мырзахмет Жылысбаев 1926 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Қозмолдақ елді-мекенінде дүниеге келген. 1942 жылы жеті жылдық мектепті бітірген соң егінге қарауыл, табельші, сауат ашу мектебінде оқытындарға мұғалім болып істеген.

Ұлы Отан соғысына 1944 жылы 92 автоатқыштар полкі құрамында қатысқан. Гитлерлік Германияны талқандауға қосқан үлесі және жауынгерлік қызметі үшін отанымыздың медалімен наградталған.

Соғыс аяқталған соң командирлері М.Жылысбаевтың қабілетін ескеріп, әскери жұмысқа қалуды және сол салада айрықша оқуға баруға ұсыныс жасайды. Бірақ Жылысбаев Мырзахмет сол кездегі мұғалімдерді жедел елге қайтару жөніндегі өкімет қаулысын алға тартып, елге қайтуды жөн деп табады.

Отан соғысы аяқталған соң Мырзахмет Жылысбаев Алматы қаласындағы Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтты бітіріп, Шолақорған селосындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мұнақ соң Фани Мұратбаев, Құрал Рүстемов, Макаренко атындағы мектептерде директор болып істеген. Ағарту саласындағы белсенді еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен және бірнеше Құрмет грамотасымен марапатталған. Созақ ауданының Құрметті азаматы.



Шамиль Тагиев. 1943 жылдың соңында 17 жасар Шамиль Тагиев майданға шақырылған. Курс маңында 6 ай соғысқа дайындалған. Алты айдан соң Днепр маңына майданға аттанған.



патталған.
Созақ ауданының Құрметті азаматы.

Ол жерде 25-ші гвардиялық атқыштар дивизиясында миномет бөлімінде дәлдеуші болған.

1944 жылдың соңында жарақат алып, Киев қаласында госпитальге түскен. 3 ай емделіп, тағы да майданға аттанған.

Бұл жолы Венгрия және Румыния жерлерін азат ету шайқасына қатысқан. Осы шайқаста қолынан жарақат алып, Тбилиси қаласына госпитальге түскен. 1945 жылдың соңында ауылға оралған.

I-дәрежелі Ұлы Отан Соғысы орденімен, «Ұлы Отан Соғысы жеңісінің 20 жылдық» медалімен, «Ұлы Отан Соғысы жеңісінің 30 жылдық» медалімен; «Ұлы Отан Соғысы жеңісінің 40 жылдық» медалімен, «Ұлы Отан Соғысы жеңісінің 50 жылдық» медалімен «КСРО Қарулы күштерінің 60 жылдығы» медалімен, «Ерен еңбегі» үшін медалімен мара-

«Созақ үні»-ақпарат.

Түркістан облысының әкімі Ө.Шөкеевтің бастамасымен қолға алынған «Қамқорлық» жобасы Созақ ауданында да жалғасын табуда.

Облыс әкімі жүктеген тапсырмаға сәйкес ауылдық округ, кент әкімдері көмекке мұқтаж отбасыларды жергілікті қоғамдастық өкілдерімен кеңесе отырып анықтады. Алдағы уақытта көмекке мұқтаж отбасыларға кәсіпкерлермен бірлесе отырып біржолғы көмектер беруді еңбекке жарамды отбасы мүшелерін жұмыспен қамтуға ықпал етуді, ұйымдастыруды межелеп отыр. Түркістан облысы көлемінде іске асырылып жатқан «Қам-



Айт күні тұрғын үйлі болды

«Қорлық» жобасы бойынша 2022 жылға Созақ ауданынан көмекке мұқтаж 32 отбасы анықталды. Бүгінде тұрмысы төмен отбасыларға, қажетті көмектер көрсетіліп келеді. 2022 жылы аталған бағдарламаға 32 отбасы тартылып, ағымдағы жылдың 1 тоқсанында қаржылай, азық-түлік, көмір отынмен қамту және тұрғын үй жұмыстарына құра-тұрлардың есебінен 588,5 мың теңге қаражат жұмсалған.

Бұл бағдарлама демеушілер есебінен алғашқы қажетті көмек көрсетуге арналған. Бірақ көптеген демеушілер үлкен ақшалай шығындарға қарамастан, мұқтаж отбасы-

ның тұрғыны Жұманбаева Гүлнараның шаңырағында болашақта құтты қоныс болмақ 5 бөлмелі баспананың кілтін аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы барып салтанатты түрде тапсырды. Сондай-ақ өз атынан соңғы үлгідегі түрлі түсті теледидар тарту етті. Үй тапсыру шарасына аудан әкімінің орынбасары Бағдат Айдарбеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, аудан әкімдігінің бөлім басшылары қатысты. Кілт тапсыру салтанатында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетовте өзінің ақ-жарма тілегін білдірді. Жұманбаева Гүлнара отбасында 5 адам. 1 ұл 3 қыз тәрбиеленіп отырған

учаскесінде кішкентай бақтың болуы отбасына жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға мүмкіндік береді, бұл әсіресе бала тәрбиесіне байланысты жалдамалы жұмыспен айналысуға мүмкіндігі жоқ отбасы үшін өте маңызды.

-Мен бала-шағаммен бірнеше жылдардан бері әркімнің үйін жалдап келдім. Айына 15 мың теңгеден төлеп жүрдім. Пәтеракысын төлей алмағасын кейбір кісілер үйден шығарып жіберген күндерде болды. Бүгін қатты толқып бұл қуанышқа сенер сенбесімді білмей тұрмін. Облыс, аудан басшыларына, аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерлеріне, жалпы бізге қол ұшын созған барша жандарға отбасым атынан тек жақсылық тілеп рахмет айтамын. Ол азаматтарға Алланың нұры жаусын!-деді Гүлнара көзіне жас ала қуанып тұрып. Шынында Гүлнараның осы уақытқа дейін көп қыншылық көргенін жүзі мен көз жанарынан сезіліп тұрды. Осы тұста айта кететін бір жағымды жағдай осы үйге демеуші болған азамат өзінің аты-жөнін атамауды сұранған. Ол азаматқа да Алланың нұры жауып бала-шағасының қызығын көрсін!-деген тілек айтамыз.

Демеуші азаматқа аудан халқы атынан алғыс білдіре отырып, ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Қайырымдылық-бұл адамның бала кезінен қалыптасатын қасиеті. Сондықтан өскелең ұрпақтың игі істерге дайындығын қалыптастыру өте маңызды»-деген сөзі өміршең деп білеміз.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.



ларды өз баспаналарымен қамтамасыз ету мүмкіндігін іздейді. Облыстық аталмыш акцияға бірнеше аудандар қатысып, соның ішінде несибе біздің ауданға, оның ішінде ауыл тұрғыны Жұманбаева Гүлнара қарындасымыздың отбасына бұйырыпты. Қасиетті ораза айы аяқталып, айт күндерінің алғашқы күні «Қамқорлық» бағдарламаға қатысушы, Шолақорған ауылы-

жалғыз басты ана. Кіші қызы бала жастан мүмкіндігі шектелуі жан.

Ұзақ уақыт бойы Гүлнара бала шағасымен тұруға қалыпты жағдай жоқ жалға алған тұрғын үйде тұрған. Оған ұсынылған үй барлық стандарттарға сәйкес келеді: үй коммуналдық қызметтерге қосылған, балаларға қажетті көкөністер мен жемістер өсіруге арналған жері бар. Жер

Акция! Құрметті Созақ ауданының тұрғындары!



«Батырларға тағзым»
online акциясы өтетінін
хабарлаймыз.

Акция www.tengrinews.kz сайтындағы «Жеңімпаздар/Победители» online платформасында ұйымдастырылады. Акцияға қатысушылар +77009051945 whatsApp-номеріне майданда қаза болған аталары туралы мәліметтерді (аты-жөні, туған күні, айы, жылы, әскерге шақырылған жылы, фотосуреттері және тағы басқа) жібере алады.

Комиссияның отырысы өтті



Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының 5.2.5 тармағына сәйкес жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант беру, яғни қайтарымсыз 1 240 000 қаржы беру

мақсатында комиссия отырысы өтті. Үміткерлердің бизнес жобаларының негізгі бағыты, мал шаруашылығы, тамшылатып суару, шағын сән, емдік массаж кабинеттерін ашу, копыютерлік қызмет көрсету, үлкен форматтағы баннер, билборд, форт-фолялар шығаратын баспа ашу, кондитерлік цех, тігін цехтарын ашу. Айта кету керек биылғы жылы «Бастау бизнес» кәсіпкерлік негізде оқыту жобасы тоқтап тұр. Естуімізше жаңа бағдарлама әзірленуде. Сондықтан, жуырда өткен комиссия отырысына нұсқауға сәйкес, арнайы кәсіпкерлік оқудан өткен сертификаты бар 29 жасқа дейінгі жастар өтінім білдірді. Комиссияның шешімімен 5 үміткер жеңімпаз болып, қайтарымсыз грантқа қол жеткізді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Алғыс айтсам деп едім

Басымыз ауырып, балтырымыз сыздаса бірінші кезекте ақ халатты абзал жандардың алдына барамыз. Олар қолынан келген емін жасап көмегін көрсетеді.

Өзім көп жыл бойы жүргізуші болып еңбек еттім. Ауданда халыққа мінсіз қызмет көрсеттім.

Жақында грижа деген ауру мазалап орталық аурухананың хирургия бөліміне түстім. Бөлім меңгерушісі Қасымқұлов Бижігіт Жеңісұлы қабылдап, ота жасау керек екендігін айтты. Мен келісімді бердім. Ота сәтті өтті. Қазір денсаулығым жақсы. Отбасыма келіп, денсаулығым қалпына келгеніне қуанып отырмын.

Ауданымыздың айнасы «Сөзақ үні» газеті арқылы шипагер Қасымқұлов Бижігітке ағалық алғысымды жеткізім келеді.

**Құлыншақ ТАЙБЕКОВ,
Шолақорған ауылының тұрғыны.**



Адал еңбектің иесі

Көгілдір көктемнің соңғы айы да басталды. Бұл кезеңде диқандар қауымы егіс егуді аяқтаса, шопандар мал төлдету науқанын қорытындылайды. Шаруаны көп жылдардан бері өзіне серік етіп, еңбек көрігін қыздырып жүрген Алшынбай Шәмшиев ағымдағы жылы да бағымындағы отардан төл түсімін мол алуды өзіне меже етіп алған еді.

Өткен жылы күзгі күйекке отарын қоңды түсіріп, қыс маусымында қойларының шығынсыз қыстатылуына барлық күш жігерін жұмсады.

Алдын ала мал қыстауына жем-шөпті мол жинап алған аға шопан отарын азықтан тарықтырған жоқ. Нәтижесінде қойлары қыстан қысылмай шықты.

Көктем айының шуақты күндерінде төл қораға көшіп келді. Табиғаттың осынау тамаша шағын өте жақсы көреді. Жылға жылғадан сылдырай су ағып, қыр-қырқаларға неше түрлі гүлдер мен қызғалдақтар тұнып тұрған сәтке не жетсін шіркін!

Алшынбай Төкенұлының шопан таяғын қолға ұстағанына қырық жылдан астам уақыттың жүзі болды. Осынау мерзім ішінде ол өз жұмысының нәтижесін көрсетіп, үнемі биік белестерден көрініп, ұжымдастарының ортасында үлкен мерей асуын бағындырған азамат ретінде танылуда.

Адал еңбектің қашанда жемісін беретінін мықтап санасына түйген Алшынбай бұл кәсіпке өз жүрек қалауымен келді.

Мектеп бітіргеннен кейін ол өзге сыныптастары сияқты оқу оқимын деп қалаға сапар салған жоқ. Кең жайлауды бетке алып тартып отырды.

Алғашқыда бұл кәсіптің қыры мен сырын шаруашылықтың тәжірибелі шопандарынан үйренді. Сол кездегі «Құмкент» совхозының байырғы майталман шопан-

дары Қуанышбек Еркінбеков, Медеу Бейсенбиев сияқты ағаларынан тәжірибе жинап, көп үйренді. Шопан болу-малдың ізінен еріп жүру ғана емес оның да өзіндік сыры бар екендігін ұғынды.

Әрине жаздың аптапты ыстығы мен қыстың қытымыр аязында далада желдің өтінде жүру оңай емес. Осындай қиындықтарға қарамастан Алшынбай жастық жігерінің арқасында бейнетке төзіп өзі қалаған кәсібінің шаруасын дөңгелетіп алып кетті.

Жыл сайын отарындағы қойдың өз төлі есебінен көбеюіне үлес қосты. Шопандар тойында А.Шәмшиевтің есімі құрметпен аталып жүрді.

Кейін ұжымшар тараған соң ол «Құмкент» өндірістік кооперативінде қалып шопандық кәсібін әрмен қарай жалғастырды. Қазір осы ұжымда шопан болып еңбек етіп келеді. Алшынбай ерінбей жасаған жұмыстарының арқасында шаруасына қол-айлытехникалар сатып алып, мал азығын дайындауды да өздері жүргізуде. Жаз айында Көсегенің Көк жонынан мал азығын дайындап, қыстық мал қораларына жеткізіп алады.

Қазіргі күндері аға шопан көктемгі мал төлдету науқанын аяқтады.

Жыл өткен сайын Алшынбай еңбекке шыңдала түсті. Үшкөкшенің құмы қыстық қыстауы, жаз жайлауы Көкжонның бойы. «Мал өсірсең қой өсір, табысы оның көл-көсір» деп дана халқымыз бекер айтпаған ғой. Аға шопан малдың жайын жақсы біледі. Ол қазіргі күндері мал шаруашылығының нағыз шебері. Өзінен кейінгі жастарға да үйретері мол.

Озат шопанның биылғы жылы да жасаған жұмысы нәтижелі болып, адал еңбегінің жемісін көруіне тілектестік білдірдік.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Мамырдың 3 күні аудандық Мәдениет және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен Ардагерлер үйінде шахматтан турнир болып өтті. Турнир 9 Мамыр- Жеңіс күніне және «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылғанына 35 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Шахматтан өткен бұл шараға ауданымыздың барлық ауыл және кент әкімшіліктерінен бас- аяғы 17 ойыншы қатысты. Ең жасы жетпістен асып, қарты тоқсанды иектеп қалған аудан қариялары 11 тақтаға бөлініп, өзара кіл мықтыны



Шахматтан сайыс өтті

анықтады. Шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков пен ардагерлер ұйымының төрағасы Қабылбек Еспенбетовтер арнайы қатысып сөз сөйлеп, шахмат сайысының шымылдығын түріп берді. Сайыстың әділ өтуі үшін зейнеткер, ардагер ұстаз Жолдасбек Талымов пен шахматшы, ұстаз Мақсат Сейсенбаевтар Халықаралық шахмат ережесіне сай төрелік жасады. Жалпы, турнирге 17 шахматшы қарияларымыздан бөлек, аудандық ардагерлер ұйымына мүше ауданымыздың қарттары да қатысып, көрермен болды. Кілең, шахмат сүйер спортшылар жиылған ақыл мен айла- тәсіл сайысы өте тартысты өтті. Сонымен, 9 Мамыр- Жеңіс күніне және «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылғанына 35 толуына орай өткізілген қарт шахматшылар арасында өткізілген турнир араға жеті сағат уақыт салып, өз мәресіне де жетті. Кіл мықтылар сайысқан турнирде дүр мықтылар анықтал-



ды. Нақтырақ айтсам, I орынды зейнеткер, ардагер-спортшы Жетілген Сармантаев (20 мың т) иеленді. II орынды зейнеткер қария Аманбек Мұсабеков (15 мың т) алды. Ал, зейнеткер, спортшы- қариялар Қожахмет Қожанов пен Мұрат Жақсыбаевтар жүлделі III орынға (әрқайсысы 10 мың т) қол жеткізді. Сондай- ақ, ауданымыздың әр ауыл-кент әкімшіліктерінен келген шахматшы қарияларға жол ақыларының көлемінде ын-таландыру сыйлықтары

берілді.

Сөз соңында, кешегі Отан соғысы мен Еңбек және Тыл ардагерлерінің бүгінгі жұрнағы қарияларымыз аман болсын! Жалпы, Жеңістің 77 жылдығы барша аудан жұртшылығына құтты болсын! Қарияларымыз да келешек жастарымыз да соғыс емес, осындай ақыл, айла- тәсіл сайыстарында бақ сынасып жүре берсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Данияр БЕК.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында ауылдық округтері мен кенттері әкімдерінің халықпен кездесулерінің кестесі

№	Елді мекен атауы	Кездесу өткізілетін күні, уақыты	Жеке қабылдау өткізілетін күні, уақыты, өтетін орны
1	Қыземшек кенті	Қыземшек кенті 05.05.2022 ж сағат 16:00 Л.Бөкенов ЖОМ	05.05.2022ж сағат 17:30 Л.Бөкенов ЖОМ
1	Қаратау елді мекені	Қаратау ауылдық округі 06.05.2022ж сағат 11:00 Қаратау ауылдық мәдениет үйі	06.05.2022ж сағат 12:30 Қаратау ауылдық мәдениет үйі
1	Қарақұр елді мекені	Қарақұр ауылдық округі 06.05.2022ж сағат 11:00 Қарақұр ауылдық мәдениет үйі	06.05.2022ж сағат 12:30 Қарақұр ауылдық мәдениет үйі
1	Көктөбе елді мекені	Сөзақ ауылдық округі 05.05.2022ж сағат 11:00 Суындық ЖОМ	05.05.2022ж сағат 12:30 Суындық ЖОМ
2	Шақырық елді мекені	12.05.2022ж сағат 11:00 Науайы ЖОМ	12.05.2022ж сағат 12:30 Науайы ЖОМ
1	Қозмалдақ елді мекені	Сызған ауылдық округі 05.05.2022ж сағат 11:00 Ауылдық округі әкімінің мәжіліс залы	05.05.2022ж сағат 12:30 Ауылдық округі әкімінің мәжіліс залы
2	Сызған елді мекені	12.05.2022ж сағат 11:00 Қ.Рүстемов ЖОМ	12.05.2022ж сағат 12:30 Қ.Рүстемов ЖОМ
1	Бабата елді мекені	Жартытөбе ауылдық округі 05.05.2022ж сағат 11:00 Ауылдық клуб	05.05.2022ж сағат 12:30 Ауылдық клуб
1	Қызылқанат елді мекені	Құмкент ауылдық округі 05.05.2022ж сағат 11:00 "Махамбет" б/б	05.05.2022ж сағат 12:30 "Махамбет" б/б
1	Теріскей елді мекені	Шолақорған ауылдық округі 04.05.2022ж сағат 11:00 А.Сүлейменов ЖОМ	04.05.2022ж сағат 12:30 А.Сүлейменов ЖОМ
2	Жеткіншек елді мекені	06.05.2022ж сағат 11:00 Ә.Молдағұлова ЖОМ	06.05.2022ж сағат 12:30 Ә.Молдағұлова ЖОМ

Ұлы Отан соғысының батыры, ұшқыш Құрал Рүстемов Созақтың қала берді қазақтың батыры. Жиырма жасында Қызыл Армия қатарына алып, неміс басқыншыларына әуеден соққы береді. Қиян түкпір Теріскейде дүниеге келіп, бозбала шағында аспан көгін тілгілей ұшқан ТБ-3 және ЛИ-2 самолеттерін тізгіндеген Құрал нағыз қаһармандық пен асқан ерліктің үлгісін көрсетті. Өзінің награда қағазында көрсетілгеніндей 23 жасына дейін түнгі аспанда 67 рет әскери жорыққа шығып соның 48-ін сапалы, әрі уақтылы орындаған. Ал осы 48-дің ішінде немістердің қаншама эшалоны, темір жолдары, әскери бекіністері, аэродромдары, қару-жарақ, отын базалары өртке оранды. Бір ғана Ленинград майданында жаудың тірі күші мен техникаларын жоюда Красное село, Репша, Сиверская қалалары төбесінен табысты 11 жорық жасауы жанын шүберекке

нистрлігіне, Чехословакия мемлекетінің елшілігіне арнайы хат жолдап чех халқының батыры атанған, ерлікпен қаза тауып Чехияның Брезно қаласында жерленген жерлес батыр туралы деректерді жинастыруға көмек сұраған едім. Мен өз хатымда Құрал Рүстемовті «Чех халқының халық батыры» деген атақты алуына негіздеме іздейтінімді жазған едім. Сенат депутаты Ә.Құртаевтың ықпалынан кейін менің атыма Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен жауап хат келді.

**Қазақстан Республикасы
сыртқы істер министрлігі**

**Құрметті Мақсат Қарғабай
мырза!**

Сіздің Ұлы Отан соғысында Чехословакияның Зволен қаласында (қазіргі таңда Словакия аумағы) қаза тапқан Құрал Рүстемовке



вершил-6 успешных ночных боевых вылетов, из них на город Хельсинки-4 боевых вылета, на город Котка-1 боевой вылет и на город Турку 1 боевых вылет.

В ночь с 26 на 27.2-44г. На г. Хельсинки совершил 2 боевых вылета. Не смотря на сильно действие ПВО врага в районе цели и над целью-отважный летчик свой бомбардировщик выводил строго на цель и в заданное время проводил бомбометание. В этих двух вылетах от отборщенных бомб на цели возникло два крупных очага пожара, что подтверждают члены экипажа.

Но своей специальности летчика подготовлен хорошо. Материальный часть самолетов ТБ-3 и ЛИ-2 знает и в полете эксплуатирует грамотно.

Секретно.Экз №2
Приказ: Авиации дальнего действия
№0277/п

Қос халықтың қаһарманы

түйген хас батырдың ерлігі еді.

1944 жылдың ақпан айында корабль командирі ретінде Финляндияның әскери-өндіріс ошақтарын бомбалауға тапсырма алып, түнгі ұшу сапарында 6 әскери ұрыс қимылына араласады. Оның ішінде Хельсинки қаласына 4 рет, Котка және Турку қалаларына әуеден 2 рет әскери ұрыс салады. 1944 жылдың 26-шы ақпанынан 27-ші ақпанға қараған түні жаудың әуе күштерінің қатаң бақылауына қарамастан Хельсинки қаласына 2 рет әскери ұрыс қимылын жүргізіп, нақты көздеген нысандарын дәл көрсетілген уақытта асқан ерлікпен бомбалап қайтады. Бұл Кеңес Одағының батыры атағына лайықты орасан ерліктің үлгісі еді. Бүгінгі жастарға, кешегі 20-21 жасында Чехия аспанын жаудан қорғап, ерлікпен қаза тапқан Құрал ерлігі нағыз үлгі-өнеге емес пе?! Құрал өмірден не көрді?

Жар құшып, бала сүйемді. Енді ат жалын тартып мінер шағында Отанын қорғауға аттанды. Сол уақытта осы Құрал жасаған ерлікті қайталаған өзге ұлт өкілдері қатарынан екі реттен Кеңес Одағының Батыры атағын алып жатты.

Ал Құралға не үшін берілмеді? Себебі ол кешегі Кеңес өкіметінің озбырлығына қарсы шыққан, қанды көтеріліс ұйымдастырылған Созақта туылуы себеп болады. Шынында тоғыз Социалистік Еңбек Ері шыққан Созақтан бір Кеңес Одағының Батыры шықпауы қалай?

Кешегі заманда Алпамыстай батырдың дүниеге келуіне себепші болған Созақ өңірі үшін бұл жағдай мүмкін емес еді.

Батыр барлаушы Атабек Асылбеков, лейтенант Қыдырәлі Дүйсенбаев, жай қарумен неміс самолетін атып түсірген Омарбек Дүйсенбеков, батыр жауынгер Жақсыбергелі Өткелбаев тек «Қызыл Жұлдыз», «Қызыл Ту», «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен ғана марапатталумен шектелді.

Жазушы Нысанбек Төреқұлов, ақын Жеңіс Қарғабай, ақын Ескермес Жақсымбетов Құрал туралы «Аспандағы айқас», «Ақиық», «Қыран қазасы қияда» атты туындылар жазса, Мәлік Ғабдуллин Омарбек туралы «Сақтықта батырлық» деген тамаша шығарманы өмірге әкелген еді.

Менің айтпағым Құрал сияқты ерлерімізге лайықты марапатын әперуге ат салысайық дегім келеді. Құрал Рүстемов Қазақстанның «Халық қаһарманы» атағына өте лайықты азамат. Осы мақсатта өткен жылдары Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары Ә.С.Құртаевқа, Ә.Ә.Бектаевқа, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер ми-

қатысты хатыңыз бойынша келесіні хабарлаймыз.

Ұлы Отан соғысында Словакия аумағында қаза тапқан кеңес жауынгерлерінің жерленген жерлерін іздестіру және олардың аттарын мәңгі еске қалдыру мәселелері бойынша Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің өкілдігі (Словакияда орналасқан) қызмет атқарады.

Аталған өкілдіктің мәліметіне сәйкес лейтенант Қ.Рүстемов (1921ж.т) 1944ж. 16 қазаннан 17 қазанға қараған түні «Три Дубы» әуеайлағы маңайында ұшақ апатынан қаза болған (ақпарат қоса беріледі).

Сондай-ақ, Қ.Рүстемовтің аты Брезно қаласының жаңа зиратында қойылған құлыптаста жазылған (фотосуреті қоса беріледі). Алайда, өкілдіктің басқа деректері бойынша лейтенант Қ.Рүстемов Зволен қаласында орналасқан бауырластар зиратында жерленген деп жазылған. Осыған орай, Қ.Рүстемовтің нақты жерленген жерін анықтау мақсатында Словакияның құзыретті органдарына сауал жолданды (қарастырылу үстінде).

Сонымен қатар, аталған өкілдік-

Осыған орай, Сіздің хатыңыздың қарастыру мерзімі «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-ші бабы 4-ші тармағына сәйкес мәселе шешімін тапқанға дейін ұзартылды.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі Сізге қосымша хабарланатын болады.

Қосымша: 6 п.

**Министрдің орынбасары
Р.Василенко.**

**Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінен
келген батыр, ұшқыштың Нағра-
да парағы**

Краткое, конкретное изложение личного боевого подвига или заслуг.

В действующей Красной Армии находятся с сентября месяца 1942 года. На разгром немецких захватчиков в последнее время летает в составе экипажа: штурмана лейтенанта Петренко, бортехника техника лейтенанта Холодова, воздушного стрелка радиста сержанта Курбатова, воздушного стрелка старший сержанта Максименко.

С февраля месяца 1944 года бое-

20 мая 1944 года г. Москва

От имени Президума Верховного Совета Союза ССР за образцовое выполнение боевых задания Командования на фронте борьбы с немецкими захватчиками и проявление при доблесть и мужество-награждаю

Орден Красного знамени

Лейтенант Рустемова Курала Рустемовича -летчика 325 авиационно-го полка дальнего действия.

Сөз соңында айтарым Созақ ауданынан аттанған 6000-ға жуық сарбаздың ішінде бір жауынгердің Кеңес Одағының батыры болмауы мүмкін емес еді. Оған себеп, тағы да айтамын, кешегі 1930-жылғы әйгілі «Аллахуды» желеу етіп Теріскей өңірінен шыққан азаматтардың ерліктерін жоқ етуге тырысқан зымиян саясаттың салдары еді. Кеңес Одағының екі рет батыры болған Сергей Луганскийдің алғашқы атағын алғанда оның ұшу санын есептеген екен. Сол саннан екі есе артық ұшқан Құралдың осылайша көзсіз ерліктері еленбей қалады. Сол себепті бүгінгі Тәуелсіздік



тің деректеріне сәйкес лейтенант Қ.Рүстемов 1944 жылы «Қызыл ту» орденімен наградалған (архивтік материалдар қоса беріледі), бірақ ол «Чехословакия халық батыры» атағы берілгендердің қатарында көрсетілмеген. Сондай-ақ, Словакия ішкі істер министрлігі мен Брезно қаласы мэриясының мұрағаттарында «Чехословакия халық батыры» атағын алғандар туралы мәлімет жоқ екендігі де анықталады.

Туісті сауал Словакияның Әскери-тарихи институтына жолданды (қарастырылу үстінде).

вого задания выполняется в качестве командира корабля.

Всего за период Отечественной войны совершил на самолетах ТБ-3 или Ли-2 67 боевых вылетов ночью, из которых-48 боевых вылетов экипажем выполнено успешно.

В период прорыва блокады на Ленинградском фронте на уничтожение живой силы и техники врага в пунктах Красное село, Репша, Сиверская- совершил 11 успешных боевых вылетов.

В феврале месяце 1944 года на бомбардирование военно-промышленных объектов в Финляндии со-

таңында сол ақтаңдақтардың орнын толтырып ұшқыш, Чехословакия батыры, жерлесіміз Құрал Рүстемовке «Халық қаһарманы» атағы берілуіне жұмыс жасалу керек. Ол үшін, «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» демекші Созақ елінен шыққан барлық деңгейдегі азаматтар ел болып ат салысса деймін.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі.**

